

Перевод и значение слова "торги":

сауда-саттық

Нарықтық қатынас орын алатын, қатаң түрде бекітілген баға көрсетілмейтін сауданы ұйымдастырудың арнайы формасы. Сауда-саттық тауардың нақты бағасын бекіту үшін қызмет етеді. Сауда-саттықты ұйымдастырушы ретінде өнім иесі немесе мүлік-тік құқыққа ие арнайы ұйым қатыса алады. Сауда-саттық аукцион немесе байқау түрінде жүргізіледі. Сауда-саттықтың түрі сатылатын өнім иесі немесе мүліктік құқықты иеленуші тарапынан анықталады. Аукциондағы сауда-саттықтың жеңімпазы ретінде ең жоғары баға ұсынған жеке немесе заңды тұлға табылса, байқау жеңімпазы ретінде сауда-саттықты ұйымдастырушы тарапынан алдын ала тағайындалған байқау комиссиясының қорытындысы бойынша тиімді шарттарын ұсынған тұлғалар танылады.

ашық сауда-саттық — открытые торги жабық сауда-саттық — закрытые торги жария сауда-саттық — гласные торги
сауда-саттықты ұйымдастырушы — организатор торгов ағылшын сауда-саттық тәсілі — английский метод торгов
голландтық сауда-саттық тәсілі — голландский метод торгов

Переведено с помощью "Кәсіпкер сөздігі"